



Т.Ә. Мукашев¹, А.М. Мукашева¹

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан.
(E-mail:temirbai@mail.ru)*

Б. Момышұлы – қазақ әдебиетіндегі алғашқы әскери кейіпкер

Б.Момышұлының әдеби мұралары мен ерлік істері жөнінде көптен бері айтылып жүр. Ірілі-ұсақты түрлі жанрдағы көркем туындылар мен ғылыми мақалалар және монографияларда Б.Момышұлының көркем бейнесі сомдалумен қатар қазақ руханиятына қосқан үлесі сараланып келеді.

Алайда, Б.Момышұлы қазақ әдебиетінде алғаш болып көркем шығарма кейіпкері болғандығы айтыла бермейді. Мақалада Б.Момышұлы әдебиеттің барлық жанрында көркем кейіпкер ретінде сомдалып, ұлттық әдебиетіміздің алтын қорынан орын алғандығы айтылады. Проза, поэзия, драма және осыларға қоса аңыз-әңгіме желісіндегі батырдың бейнесі талданады.

1942 жылы Москва түбірдегі жан алысып, жан беріскен алапат соғыста А.Бек пен Б.Момышұлы арасында шығармашылық байланыс орнығып, өмірге «Арпалыс» романы келді. Міне осы кезден бастап Б.Момышұлының көркем туындыдағы өмірі басталды.

1942 жылы алыстағы Қазақстанда жүрсе де қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезов майдан даласындағы Б.Момышұлының ерлігіне риза болып, «Намыс гвардиясы» пьесасын жазады.

1943 жылы танымал ақын Ғ.Орманов госпитальда жатқан Б.Момышұлының жағдайын сұрап барғанда батырдың ерліктеріне риза болып, «Полковникке» атты өлеңін жазады. Демек, жоғарыда аталған шығармалардың барлығы да соғыстың алғашқы айлары мен жылдарында жазылған. Шығармада осы туындылар талданып, батырдың көркем әдебиетте әскери әдебиеттің тұңғыш кейіпкері болғандығы дәлелденеді.

Кілт сөздер: Б.Момышұлы, әскери әдебиет, әскери кейіпкер, деректер, зерттеу еңбектер.

Кіріспе

Қазіргі таңда Б.Момышұлының қазақ әскери әдебиеттің негізін қалаушы екендігі мойындалды. Бұл мәселе М.Мырзахметұлының батыр жайлы жариялаған еңбектері мен түрлі ғылыми жиындарда жасаған баяндамаларында жан-жақты сараланып, көптің қолдауына ие болып келеді[1].

«Арпалыс» романы 1942 жылдан бастап жазылған дейтін болсақ, оның авторы А.Бек болып танылғанымен, романның қосалқы авторы Б.Момышұлы екендігі әдебиетші қауым бас қосып талқылаған талай отырыстарда айтылып келеді[2]. Оған дәлел ретінде бір ғана мысалды келтірсек жеткілікті болар деп ойлаймыз. Мысалы, романды талқылауға арналған кезекті отырыста әскери әдебиеттің білгірі полковник Совенок: «Всем ясно, что не Бек, а



Момыш-ұлы автор «Волоколамское шоссе», а Бек просто записывал, переписчик», - деп көптің көкейінде жүрген түйткілді сұраққа нүкте қойғандай болады. Осындай түйінді ойларды көптеп келтіруге болар [3]. Сонымен қатар танымал бауыржантанушы М.Кәтімхан осы мәселені жан-жақты зерделей келіп, «Арпалыс» романын жазған кім?» атты монографиялық зерттеу еңбегін жазды. Яғни Б.Момышұлы соғыстың алғашқы айларында-ақ көлемді роман жазуға мұрындық болып, қазақ әскери әдебиетіне бастайтын сара жолды көрсетіп берді деуге толық негіз бар. Онымен қоса батыр соғыстан қолы қалт еткенде, уақыт тауып, қолына қалам алып, күнделік жүргізуді әдетке айналдырған. Майдан даласынан өзімен бірге алып келген отыз жеті дәптер күнделігі бейбітшілік заманда өмірге келген «Москва үшін шайқас», «Курляндия майданы», «Генерал Панфилов» т.б. ірілі-ұсақты көркем шығарма жазу арқылы әскери әдебиеттің іргетасын бекітті. Бұл жерде біз Б.Момышұлының тек әскери әдебиеттің негізін қалаушы ғана емес, сонымен қатар оны әрі қарай дамытып, әлемдік деңгейге көтерген шебер қаламгер ретінде байқаймыз. Демек, Б.Момышұлы «Арпалыс» романын жазуда қосалқы автор болумен қатар, оның басты кейіпкері де болды. Осы арқылы ол қазақ әскери әдебиетінде тұңғыш әскери кейіпкер ретінде тарихта қалатыны сөзсіз.

Зерттеу әдістері

Аталмыш ғылыми мақалада әдеби-теориялық, салыстыру, салғастыру әдістері кеңінен қолданылды. Әсіресе Б.Момышұлының қазақтың әскери әдебиетін жасаудағы еңбегіне көз жеткізу үшін тарихи әдістерді пайдалануға шешуші мән берілді. Сонымен қатар, автор мен кейіпкер арасындағы байланысты кеңінен тану мақсатында диалектикалық тартыс мәселесіне назар аударылды.

Негізгі бөлім

Расында Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысының бастапқы кезінде майдандық «Знамя» журналында жарияланған алғашқы мақаладан бастап, онан кейін жалғасын тапқан «Арпалыс» (Волоколамское шоссе) романында көркем бейне ретінде қалыптасты. Бұл жөнінде бірнеше мысалдарды топтап келтуіріге болады. Айталық Б.Момышұлының соғыстың алғашқы күнінен бастап баяндалатын ерлік істері мен соғыс білгірі ретінде жауынгерлер мен бас штаб басшыларының көзіне түскен сәттері тұтасып суреттелетін түрлі жанрлар жетерлік. Оның барлығында батырдың хас сұлбасы шынайылық тұрғысында суреттеледі. Демек, Б.Момышұлының әдебиетке алғашқы қадамы шағын мақалалардан басталғанымен, келе-келе үлкен көлемді туындыларға ұласқаны сөзсіз.

Соғыстың алғашқы жылдары алапат соғысқа дайындығы да, техникалық мүмкіндігі де төмен кеңес әскері оңбай жеңіліс тапқандығы жасырын емес. Соғысқа дайындығы нашар кеңестік әкердің қуаты жойқын басқыншыларға



төтеп бере алмағандығы заңды. Сондықтан алғашқы күннен бастап шегініс жасаған кеңестік әскердің тағдыры қыл үстінде тұрғандығы жасырынанық. Кеңес үкіметінің осындай дәрменсіз күй кешкеніне себепші болған орталық бас штаб болып, ал оның түрлі директиваларын мүлтіксіз орындаған жер-жердегі құрамалар бірінен-соң бірі жеңіліп жатты. Бүкіл Европаны күйрете жеңген гитлерлік Германияның бақайшағына дейін қаруланған әскери күші де, жеңіске деген сенімділігі де қызыл әскерге қарағанда анағұрлым биікте болатын. Сондықтан алғашқы кезеңдерде өзінен анағұрлым басым жауға қарсы төтеп бере алмаған қызыл әскер жауынгерлерінің сағы сынып, рухы күйреп, бас аяғы үш-төрт айдың ішінде Москва түбіне бір-ақ келіп табан тіреді. Міне осы соғыс майданында генерал Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясының ерлік істері бүкіл кеңестік әскерге үлгі болды. Б.Момышұлы дивизия құрамындағы батальонды басқара жүріп, өзінің қолбасшылық қабілетімен, қайсар мінезімен өзгелерден оқшауланып көзге түсті.

Жоғарыда айтылғандай Б.Момышұлының әскери әдебиетке әрі жазушы, әрі көркем кейіпкер ретінде енуі А.Бектің «Арпалыс» романымен тікелей байланысты. Олай деуімізге негіз бар. Бауыржантанушы М.Кәтімхан өзінің «Арпалыс» романының авторы кім?» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Мен бұл мәселені мына жағдайларға байланысты айтып отырмын, «Ұшқан ұя» Б.Момышұлының балалық кезеңінен бастап, соғысқа дейінгі өмірін, ал «Арпалыс» романы оның 1941 жылдың октябрі мен 1942 жылдың қаңтар айларының арасындағы батальон командирі кезін, «Москва үшін шайқас» романында соғысқа кірген күннен бастап, «Арпалыста» қамтылған кейбір деректер мен соғыс аяқталғанға дейінгі кезеңін, «Ақиқат пен аңыз» романдиалогы соғыстан бұрынғы және кейінгі кездегі деректерді беріп отыр» [2, 20 б.]. Демек, А.Бек «Арпалыс» романында Москва түбінде болған соғыс оқиғасын жазу арқылы Б.Момышұлының көркем бейнесін алғаш болып сомдап шықты. Мұны қазақ әдебиетіндегі, қазақ көркем әдебиетіндегі тарихи оқиға деп айтуға болады. Себебі бұрын соңды қазақ көркем әдебиетінде көзі тірі батырды күрделі романның кейіпкері ретінде сомдау дәстүрі болмаған еді. Бұл тарихи факт.

А.Бектің жазбаларынан аңғаратынымыз, ол алғашқыда Б.Момышұлы жайлы тек шағын мақала жазумен шектелуді көздеген болатын. Тіпті Б.Момышұлын мақаланың кейіпкеріне айналдыру жоспары болмаған да сыңайлы. Өзінің әріптесі А.Кривицкий А.Бекті алғы шепке жіберіп, лейтенет шенді қазақ командиріне көңіл аударуды ұсынған болатын-ды. А.Бектің мақсаты алғы шепке барып «Панфиловшылар алғы шепте» атты мақала жазу үшін үшін деректер жинауды жоспарлайды. Нәтижесінде ол кездейсоқ кездескен Б.Момышұлына назар аударып, оның бойындағы ерекше қасиет журналистің қызығушылығын оятады.

Сонымен Б.Момышұлы әдебиеттегі барлық жанрда көркем бейне ретінде сомдалып, бұл дәстүр күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Оны



шартты түрде болса да мынандай жанрлық топтарға жіктеп қарастыруға болады:

- 1) Проза жанрындағы Б.Момышұлы бейнесі;
- 2) Поэзиялық туындылардағы Б.Момышұлы бейнесі;
- 3) Драмалық шығармалардағы Б.Момышұлы бейнесі;
- 4) Аңыз-әңгімелердегі Б.Момышұлы бейнесі.

Байқағанымыздай батырдың тарихи бітім-болмысы, ерлік істері, психологиялық ерекшеліктері сынды өзіне ғана тән кескін-келбеті ондаған көркем туындының өзегіне алыныпты. Әрине, соғыс кезінде Б.Момышұлынан атақ-лауазымы да, әскери қабілеті де, соғыс тәжірибесі де анағұрлым артық адамдар болған жоқ деп кесіп-пішіп айтудан аулақпыз. Соған қарамастан қалам шеберлерінің назары Б.Момышұлына түсуінің сыры неде екендігін тап басып айту қиын. Мәселен, соғыстың алғашқы жылдары Г.Жуков, К.Рокоссовский, К.Ворошилов, И.Черняховский, Баграмян т.б. көптеген генералдар мен маршалдардың соғыс тәжірибесі де, стратегиялық, тактикалық шеберлігі де, Сталиннің алдындағы атақ-беделі де анағұрлым жоғары болды. Соған қарамастан А.Бек шағын әскери құраманың командирі, аға лейтенент, әрі ұлты қазақ Б.Момышұлына арнап күрделі шығарма жазуының өзі жұмбаққа бергісіз дүние.

Әрине, Б.Момышұлы жайлы, оның ерлік істері жайлы шығарма жаз деп жоғары жақтан нұсқау түсті деп айтудан аулақпыз. Тіпті кей тұстарда қазақтан шыққан батыр жайлы жаза беруге қарсылық болғандығын айта кеткен жөн. Мәселен, А.Бектің «Человек без фамилии», «Панфиловцы на переднем краю» сынды мақалалар үсті-үстіне жазылып, майданда жүрген жауынгерлер мен тылдағы еңбеккерлердің қызығып оқитын шығармасына айналауына үзілді-кесілді қарсы пікір білдіргендер де болды. Оған мына жолдар дәлел бола алады. Оқып көрелік: «Уважаемый Александр...в нашей советской действительности невозможно, чтобы живой человек был литературным героем, поэтому редакция вам рекомендует вычеркнуть фамилию Бауырджана Момыш-улы из вашей повести, в противном случае продолжение книги в нашем журнале не может быть напечатано», - деп қарсы пікір айтқандар да болды. Бұл жолдардың авторы «Знамя» журналының танымал қызметкері А.Тарасенков. Аталмыш хаттан А.Тарасенковтың қарсылығын ғана емес, сонымен қатар шовинистік пиғылын да аңғару қиынға соқпайды. Өйтпегенде ше, кеңестік әскер қатарында жүздеген қолбасшылар мен орыс ұлтынан шыққан үлкенді-кішілі командирлер жүргенде қазақ ұлтының өкілі кіші офицер Б.Момышұлын мадақтай беру «аға ұлт» өкіліне жақпағаны анық. Алайда, осындай қарсылыққа қарамастан А.Бек Б.Момышұлы жайлы жазуды тоқтатпады. Керісінше өршелене кірісіп, үсті-үстіне шағын мақалалармен повестер жазып, аяғында оны аса күрделі романға айналдырды. Осы үшін де А.Бектің шығармашылық ерлігіне таң қалмасқа болмайды. Б.Момышұлы да қаламгердің осындай қаламгерлік қайсарлығына аса риза болып, «Я даю должное Беку: не было бы Бека – не было бы «Волоколамское шоссе» деп сүйсіне жазатыны бар.



Осы тұста «Арпалыс» романының авторы А.Бекке сөз беріп көрейік: «В начале 1942 года я поехал в дивизию имени Панфилова, уже продвинувшуюся от подмосковных рубежей почти до Старой Руссы» (3,456). Яғни романды жазуға дайындық 1942 жылдың басында қолға алынып, сол жылы-ақ автордың Б.Момышұлы жайлы шағын мақалалары «Знамя» журналында («Панфиловцы на первом рубеже») жариялана бастады. Бұл жөнінде А.Бектің өмір баянында былай делінеді: «Самая известная повесть Бека «Волоколамское шоссе» была написана в 1942—1943 годах. Она стала любимым произведением Фиделя Кастро и Че Гевары. Главным героем повести стал Герой Советского Союза старший лейтенант командир батальона (впоследствии гвардии полковник, командир дивизии) Бауыржан Момыш-Улы. Продолжением этой повести стали написанные в 1960 году повести «Несколько дней» и «Резерв генерала Панфилова» [4]. Демек, 1942 жылдың ақпан айында Б.Момышұлы көркем шығарманың кейіпкері ретінде қалыптасып, мәңгілік өмірге қадам басты деп айтуға негіз бар.

«Арпалыс» романын жазбас бұрын автор мен кейіпкер арасында шығармашылық байланыспен қатар екеу ара келісім шарт болғанын айта кеткен жөн. Аталмыш келісім шартта А.Бек автор ретінде өзіне қатысты міндеттерді, ал Б.Момышұлы кейіпкер әрі айтушы ретіндегі міндеттерді мұқият сақтау жөнінде келісіп алады.

Романның алғашқы бетінде А.Бек өзінің болашақ кейіпкері Б.Момышұлымен қалай танысқандығы жөнінде айта келіп, оның көркем бейнесін аса ыждахатпен суреттеп береді. Портрет - көркем шығармадағы басты көркемдік құрал. Көркем бейненің сыртқы келбетін талдап суреттемей тұрып, оның оқиғаға, айналасындағы кейіпкерлерге қарым-қатынасын талдап баяндау олқы болып көрінеді. Сондықтан қаламгер Б.Момышұлының мінезін, сырт бейнесін тәптіштеп суреттеп барып, негізгі оқиға желісіне ойысады. Мысалы: «Әдетте суретшілер мен қалам шеберлері Шығыс адамдарын ажары сынық, мүләйім, қиялшыл кейіпте суреттейді. Сондай бейнелердің ішінде түрлі-түрлі ұстаның қолынан шыққандай сан алуан пішіндер кездеседі – бірі көз тартарлық көрікті келсе, бірі сүреңсіз. Бауыржанның бет пішіні сол бейнелердің көбінен өзгеше - өнері жетік бір зергер ерінбей, жалықпай мәнерлеп, асыл тастан ба, әйтеуір бір өткір аспаппен мінсіз жонып жасағандай» [3, 9 б.]. Тиянақты, түсінікті. Автор мұнымен шектеліп қалмайды. Кейіпкерінің портретін одан әрі тереңдете суреттеу үшін оның өзіне ғана тән табиғи ерекшелігін былай суреттейді: «Өңі моңғол түстес қара торы, шықшыты сәл шығыңқылау, бет ажарынан, әсіресе, танадай қара көздерінің жалынды жанарынан өжеттіктің, батылдықтың, көп ойды көңілге тоқыған зерделіліктің белгісін көресіз. Қап-қара шашы тарақтың ырқына көнбей, тікірейіп тұрады, өзінің әзіл сөзімен айтқанда, құдды аттың жалындай» болды [3,10 б.]. Осы сурттеуден-ақ батырдың кескіні тура бір суретке түсіп, қолымызға тигендей әсер аласын. Оның «жалынды жанары», «қара торы жүзі», «тікірейіп тұратын қайратты



шашы» деталь күйінде берілсе де, шын батырдың шынайы келбетін айшықтап тұратын басты белгілер екендігі анық.

А.Бек пен Б.Момышұлының арасында бірден түсінушілік пен ынтымақтастыққа құрылған шығармашылық байланыс орныға қойды деу артық болар. Тумысынан бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын Б.Момышұлы сынды тұлғамен оңай мәмлеге келу мүмкін емес. Сондықтан А.Бек кейіпкерімен тіл табысу үшін біраз тер төккені белгілі. Өйткені кейіпкер мен автордың арасында қандай да бір қарама-қайшылық, тартыс болатыны мәлім. Оны мына мысалдан анық аңғарамыз:

« – Сіз туралы, әйтеуір, жазбай қоймаймын. Жазғанымның бір жерінде мектепте «Шаң тимес» аталғаныңызды айтам.

Ол жымыып күлді. Жүзінде жайдары жарқын шырай пайда болды.

– Өзіңіз добал ат секілді екенсіз, – деді ол ұнасымды әзілмен. – Ауыр алмаңыз, бұл мақтағаным ғой. Добал ат зеңбіректі шабан тартады, оны бір иліктіру қиын, бір иліктірген соң жалықпай тарта береді. Сіз мені иліктірдіңіз... Қалауыңызды айтып берейін. Бірақ шартымыз мынадай болсын...

Бауыржан кеудесін көтеріңкіреп, қынабынан қылышын суырды. Аласа, күңгірт блиндаждың ішінде қарудың сұсты жүзі жалт-жұлт етті.

– Шартымыз мынадай болсын. Сіз шындықты жазуға міндеттісіз. Кітап дайын болғасын маған әкелесіз. Бірінші тарауын оқимын да, ұнамаса: «Жаман екен, өтірік жазыпсыз!» деймін. Сонда сол қолыңызды стол үстіне қоясыз. Әп! – деймін де, сол қолыңызды шауып тастаймын! Екінші тарауын оқимын. «Жаман екен, өтірік сықпыртыпсыз!» десем болғаны, оң қолыңызды тоса беріңіз. Әп! – деймін де, оң қолыңызды тағы шабамын. Көнемісіз?

Мінсіз еріндері екі ажырап, ол тағы да жымыып күлді. Бұл шарты, әрине, әзіл еді.

– Көнем, – дедім мен» [5]. Кейіпкер мен автор арасында жеңіл ойнақылыққа құрылған осындай ұғынысулар болып тұрады. Бірақ мұндай жағдай орын алғанға дейін автордың қанша тер төккені белгісіз. Яғни, жоғарыда айтқанымыздай осындай диалектикалық тартыс аясында автор мен кейіпкер өзара мәмлеге келіп, шығармашылық одақ құрады. Ғалым тілімен айтқанда: «Шынайы тіршілік құбылыстарын, оның аясындағы шексіз қайшылықтарды ой-қиял таразысына салып, терең зерделемейінше, сапалы көркем туынды жазылмайды. Өйткені әдеби шығарманың алтын арқауы – тарихи шындық. Өмір ақиқатын басты назарға ұстағанда ғана үздік көркем шығарма жазылары хақ» [6].

Кей жағдайда автор мен кейіпкер бір-бірін ұғына алмай, ортақ шешімге келе алмауы мүмкін. Мұндай ахуал өріс алса көркем шығарма өз дәрежесінде жазылмай, оқырманның үдесінен шыға бермейді. Қаламгер үшін бұдан артық трагедия жоқ. Бір ғажабы қаламгер біткен өз шығармасының басты кейіпкері ретінде Б.Момышұлы тәрізді күрделі адам болуды қалайды. Өйткені – күрделі адамды сомдау болашақ туындының көркемдік сапасымен қатар шығармашылық ізденісті күшейтеді. Күрделі адам өміршеңдігімен құнды. Онда жалғандық болмайды. Ол әруақытта ешкімнің қаперіне де кірмейтін



оқиғаларға барып, қым-қуыт тартыстың ортасында жүреді. Әр түрлі шешімдер жасап, төңірегіндегілерді соған илкітіре біледі. Даралығымен оқшауланып тұратын Б.Момышұлы сынды кейіпкерлер әлем әдебиеті өкілдерінің басты мұраты саналады. Сондықтан да А.Бек ә дегеннен Б.Момышұлына кенедей жабысып, қалай да ол жайлы туынды жазуды мақсат етіп қойды.

Қаламгер үшін шығармаға барар жол екі тарамданып жатады. Бірінші жол, яғни шығарманы бастамас бұрын ол түрлі ізденістерге жол беріп, шығармашылық азапқа түседі. Тақырыпты айқындағанымен, көркемдік шешім қалай болмақ керек деген мәселеде қиналыс табатыны сөзсіз. А.Бектің жағдайында кейіпкерімен арадағы ішкі тартыс біраз сарсаңға салды. Бірде автор шегініс жасаса, ал бірде кейіпкер айтқанға көнбей, қасарысып тұрды. Бұл да шығармашылық азаптың бір түрі. Екінші жол, шығарманы бастамас бұрын автор қиялдың еркіне жол береді. Қиялдың қанатында қалықтап, көрген-білгенін жанынан құрастырып жаза береді. Мұндай туындыларды жазуда өмірден алынған прототиптердің қажеттілігі шамалы. Бірақ туынды шындықтан алыстап, тарихи ақиқаттан алыс кетеді. Мұндай шығармалар көркемдік тұрғысында тартымды болғанымен, тарихи тұрғыда жеңіл-желпі болып шығады. А.Бек болашақ шығармасының осындай болып шыққанын қалаған жоқ. Тіпті кейіпкерінің өзі бұған жол беруге үзілді-кесілді қарсы болды.

Сондықтан «Арпалыс» романы аяқталғаннан кейін талай әдеби кеңестің отырысында талқыланып, әскери әдебиет өкілдері мен сыншылардың бағасын алғаннан соң Мәскеу түбінде болған соғысты тарихи тұрғыда баяндалған алғашқы көркем туынды ретінде мойындалды. Сонымен қатар Б.Момышұлы сол қан майданның әрі тірі куәгері ретінде, әрі оқиғаны баяндаушы көркем бейне ретінде әлем әдебиеті сахнасынан орын алды.

Қан майданда жүрсе де А.Бек пен Б.Момышұлының араларында пайда болған шығармашылық қарым-қатынастың аяғы үлкен рухани нәтижеге қол жеткізуге себеп болды. Әлем әдебиеті қатары шынайылықпен жазылған тарихи туындымен толықты. Өмірге «Волоколамское шоссе» («Арпалыс») атты күрделі туынды келді. Оның авторы А.Бек болса, ал оқиғаны бастан аяқ баяндаушы, әрі көркем бейне Б.Момышұлы болды. Естелігінде Б.Момышұлы былай деп сыр шертеді: «А.Бекке мен өте ризамын (хотя я являюсь фактическим соавтором). Оны А.Бектің өзі де теріс деген емес. Ол кісіге үлкен рақмет. Ол кісінің «Волоколамское шоссе» деген кітабы менің әдебиетке келудегі беташарым болды». Бұдан артық қандай дәлел керек.

Б.Момышұлы өзін ешуақытта жазушымын деп санаған емес. «Мен жазушы емеспін, мемуаристпін», болмаса «мен - материалмын», немесе «мен әдебиетке соғыстың прицепінде отырып келдім» деген сияқты пікірлерін айтумен келді. Әрине, бұл да бір батырдың қарапайымдылығы болар. Дегенмен, Б.Момышұлының алғашқы көркем туындысы «Ұшқан ұя» романы жарыққа шығысымен оның қаламгерлік абыройы бұрынғыдан асқақтап жүре



берді. Ендігі жерде ол тек кейіпкер ретінде ғана емес, шебер жазушы ретінде танылып, Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Соғыс кезінде Б.Момышұлының бейнесін поэзия тілімен алғаш сомдаған белгілі ақын Ғали Орманов болды. 1943 жылы Б.Момышұлы жарақат алып әскери госпитальда жатқанда бірнеше өнер және мәдениет қайраткерлерін басқарып Ғ.Орманов батырдың хал-жағдайын біліп қайтады. Өлең осы жолы жазылады. Бұл тұста А.Бектің «Арпалыс» романы жарыққа шығып, Б.Момышұлының батырлық атақ-даңқы дүйім жұртқа танымал болған. Қазақтан шыққан, атағы тасқа басылған алғашқы батырдың есімі тарихтың көшіне ілесіп, ұлттың ортақ мақтанышына айналады. Қай кезде де сезімге ерік беретін ақындық шабыт, ақындық даралық ұлт мақтанышына айналған батырдың кескін-келбетін, табиғи болмысын нәзік лиризммен сипаттап береді. Мәселен:

Бірде тік, бірде сынық, бірде қатты,
Жайдары көңілі түссе, мархабатты.
Жалғанның жазы, қысы қабағында,

Батырын кім сүймесін бұл сымбатты! – дейді ақын [7].

Батырдың портреттік бейнесі оның табиғи болмысымен үндесіп жатыр. Оның мінезі, «жаз», «қыс» табиғат мезгілі арқылы тереңдей беріліп, оның ар жағында батырдың ішкі жан дүниесі мен халықтың оған деген сүйспеншілігі қатар меңзеліп өтеді. Одан әрі ақын:

Тарынса табиғаты бір-ақ уыс,
Еткендей тал бойынан аңғардым күш.
Тік өскен туған жерде қара емендей,

Халқымның қалағаны сондай туыс! – деп алдыңғы шумақтарда жырланған ой желісі терең пафоспен таратылады.

Өлім мен өмірдің ортасында жүрген Б.Момышұлы мұндай асқақ өлеңге аса зәру болмауы мүмкін. Алайда кез-келген шығарма ұрпақ үшін керек рухани күш-қуат. Тек осындай туындылар арқылы ғана ұрпақ өткенін бағамдап, келешегіне үмітпен қарайды. Өз заманына әділ бағасын береді. Ғ.Ормановтың аталмыш өлеңін Б.Момышұлы алғаш рет 1944 жылы жары Ғайникамалдың аузынан естіп, «Я был удивлен, что Ғали написал такой стих обо мне», - деп таңданыпты. Әрине, батыр бұл жерде Ғ.Ормановтың ақындық қуатына шек келтіріп отырған жоқ. Бірақ өзі жайлы жазылып жатқан туындылардың ішінен аса бір сәтті шығып, жүрегіне жол тапқан туындыны сабырмен қабылдап, ұстамдылық көрсету Б.Момышұлына тән қасиет. Шыншылдық пен қарапайымдылық Б.Момышұлының басты азаматтық ұстанымы. Ол мен алғаш болып батыр атандым, мен алғаш болып шығарма кейіпкері болдым деп еш уақытта асып тасыған емес. Естелігінде: «Мені кейбіреулер ұялмай-қызармай «батыр» дейді. Шынында мен батыр емеспін. Біреуден жығылып, біреуді жығып жүргендердің бірімін», - деп ағынан жарылып, сыр ақтаратын тұсы бар.

Б.Момышұлының ерлік ісіне ерекше ынтызар болған қаламгерлердің бірі М.Әуезов болды. Батырмен жақын таныс болмаса да ол туралы елге жетіп жатқан теңдесіз ерлік істер қаламгерді қызықтырғаны сөзсіз. Аға



қаламгер мен іні батыр тек 1943 жылы ғана танысқан. Бірақ осыған дейін-ақ М.Әуезов 1942 жылы «Намыс гвардиясы» атты төрт актілі, жеті көріністен тұратын пьеса жазып, оның алғашқы үзіндісін кейіпкеріне жолдаған көрінеді. Бұл пьеса «Социалистік Қазақстан» газетінің 1942 жылғы 27,29 қыркүйек күндері мен 4,6 қазандағы сандарында Ә.Әбішевтің қосалқы авторлығымен жарияланады. Бұл Б.Момышұлының бас кейіпкерлігімен жазылған алғашқы драмалық туынды болатын.

М.Әуезов «Намыс гвардиясын» жазуда едәуір қиыншылықтарға кездеседі. Біріншіден, әскери білімінің жеткіліксіздігі, екіншіден, майдан даласында болып жатқан соғыстан хабарсыздығы, үшіншіден, соғыс жағдайындағы командирлер мен жауынгерлердің қарым-қатынасы мен психологиялық ахуалы т.б. Сондықтан қаламгер пьесаны жазбас бұрын пьесаның бірнеше жоспарын схемалы түрде жасап, ара-тұра өзгерістер енгізіп отырған. Әскери тақырыпта қалам тарту үшін тәжірибемен қоса қиял да қажет. Себебі: «Көркем шығармадағы реалистік сипат пен көркемдік қиял тұтасуы – адамдардың ойлау кеңістігіне лайықты болмысымен ерекшеленеді», - дейді әдебиеттанушы ғалым Т.Тебегенов [8]. Әскери шығарма жазуда әскери білімі мен тәжірибенің жоқтығын сезінген М.Әуезов 1943 жылдың желтоқсанында жарақаттан кейін демалысқа елге келген Б.Момышұлын бір топ әдебиет және мәдениет қайраткерлерінің алдында дәріс беруге шақырады. Кейіннен «Соғыс психологиясы» атанған аталмыш дәрістің стенограммасының өмірге келуіне М.Әуезовтің тікелей ықпалы болғандығы сөзсіз.

М.Әуезовтің өзі жайлы драмалық шығарма жазып жатқанынан хабардар болған Б.Момышұлы қаламгерге жазған хатында: «Әрине, «Намыс гвардиясының» жазылып шыққандығы өте қуанышты, бірақ менің қауіпім Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды Сізге айтып бере алды ма екен? Пьесаның фундаменті құмнан болып жүрмесе деген қорқыныш қой», - деп секемдік танытуы әскери әдебиеттен хабары жоқ М.Әуезовтей классиктің шығармашылық ізденісіне деген жанашырлық пейілі болатын.

Пьеса алғаш сахналанған кезде қалай бағаланғаны өзінше бөлек әңгіме. Алайда өзі жайлы жазылған пьесамен алғаш танысқан кезде кейіпкердің қалай қабылдағаны оқырманға қызық болар. Б.Момышұлы әдебиетке сыншылдық көзқарастарымен қадам басты десек қателеспеспіз. Тіпті М.Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» романына алғашқылардың бірі болып сын пікірін білдірген де Б.Момышұлы болған. Сонымен, «Намыс гвардиясы» пьесасымен алғаш танысқанда Б.Момышұлы: «Как же, вы, могли допустить неосторожность с «Намыс Гвардиясы» слишком наивную доверчивость – получилось неестественное, печальное несовместимое вашему золотому таланту, полной художественной силы, беспредельно богатого, гибкого, маневренного, сочного и насыщенного разумной логикой языка – с невежеством, узким кругозором недалеким умом вашего соавтора», - деп кейістігін білдіреді [9]. Сондағы автордың кейістігі неде? Оған кейіпкер өзі



терең психологиялық, теориялық талдаулар жасау арқылы жауап береді. Бірінші кезекте, кейіпкерлерді сомдауда жіберілген өрескел қателер, екіншіден, әскери бұйрық пен соғыс алаңындағы командир мен жауынгерлер арасында болатын қалтықсыз тәртіпті көрсете алмау, үшіншіден, соғыс шындығын ақиқат тұрғысында суреттей алмаушылық, ең бастысы соғыс тактикасы мен стратегиясын суреттеудегі сауатсыздық т.б. Яғни Б.Момышұлы өзі жайлы жазылған көркем туындыға жеңіл-желпі алғысын білдірместен, авторға бірден дүрсе қоя беріп, шығарманың тағдырына қатал үкім шығарғандай көрінеді. Ал мұндай қатал, қатал болса да әділ сынған автор қалай жауап берді? Әрине, ұлыларға тән қасиетпен М.Әуезов: «Бәрін мойындаймын. Бізде өстіп тікелей айтатын ақылгөйлер жоқ. Сенің айтқандарың маған көптеген ой салды», - деп жауап беріпті. Осы жерде Б.Момышұлы мен М.Әуезовтің арасында көзбе-көз таныстық болмағандығын еске сала кеткен жөн. Болмаса да рухани үндестік дейміз бе, әлде шығармашылық байланыс дейміз бе, әйтеуір сырттай болса да ағалы-інілі пейіл, сыйласымдылық соғыстан кейінгі жылдары үлкен туыстыққа ұласты.

Пьесада басты кейіпкер Намысұлы Бахытжан, яғни өмірдегі прототипі Б.Момышұлы. Драмалық шығарма болу себепті бас кейіпкерді прозалық шығармадағыдай жан-жақты, терең (портреттеу, мінездеу т.б.) сомдау қарастырылмаған. Б.Момышұлының бейнесі нақты оқиға барысында бейнеленіп отырады. Б.Момышұлының түрлі жағдайлардағы іс-әрекеті, жауынгерлермен, үлкен-кіші офицерлермен қарым-қатынасы, соғыс барысын жоспарлаудағы стратегиялық, тактикалық шешімдері, т.б. мәселелер пьесаның өзегіне алынған. Алайда М.Әуезовтің осындай күрделі мәселелерді көркемдеуде жіберген кемшіліктері Б.Момышұлын қанағаттандырмаған. Оның себептері мынада деп білеміз. Біріншіден, пьесада тарихи шындық сақталмаған. Шығарманың алғашқы сәтінде-ақ тарихи шындық бұзылған. Мысалы, Панфилов, Григорьев және Намысұлымен арадағы әңгімеде, Намысұлының соғыста табансыздық көрсеткені үшін взвод командирін атқаны жайлы диалог өрбиді. Мұндай оқиға Б.Момышұлының өмірінде болмаған оқиға. Осы әрекеті үшін Григорьев Намысұлын айыптап сөйлегенде Намысұлы оған: «Ондай ез, намыссыз, опасызды ату керек, әлі де атамын», - деп жауап береді. Кейіпкерінің қатал да, әділ бейнесін сомдаймыз деп авторлар шектен асырып жібергендігі аңғарылады. Б.Момышұлының өмірінде мұндай оқиға тіптен басқа сипатта орын алғандығы мәлім. А.Бектің «Арпалыс» романында сержант Боранбаевтың қасақана өзін-өзі атқандығы баяндалады. Мұндай ауыр қылмыс соғыс жағдайында сөзсіз қатаң жазалануы тиіс. Яғни өлім жазасы. Б.Момышұлы өзінің құзіреттілігін пайдаланып, әлгі Боранбаевты өзі басқаратын бөлім жауынгерлеріне атқызады. Осы оқиғаны пьеса авторлары түрлендіріп, өзгертіп, тіпті басқаша суреттеп жіберген. Әрине, жалғандыққа жаны қас Б.Момышұлы қаламгерлердің мұндай жалғандыққа жол бергендеріне қатты наразы болады.

Екіншіден, пьесадағы тартысты күшейту үшін авторлар неміс дивизиясындағы оқиғаны сыналап енгізген. Штаб бастығы Штольберг пен



дивизия командирі Фогель арасындағы диалог және тұтқынға түскен Жанбозов жайлы шындыққа жанасымсыз оқиға шығарманың осал тұсы деуге болады. Әрине, пьеса Б.Момышұлына арналмай қиялдағы кейіпкерге арналса бір сәрі. Онда жағдай бөлек. Ал көрермен де, оқырман да, тіпті кейіпкері Б.Момышұлы да пьесаның кім жайлы екендігін біледі ғой. Сондықтан мұндай олқылықтарға Б.Момышұлы бей-жай қарай алмады.

Осы сынды кемшіліктер мен олқылықтар «Намыс гвардиясында» жетіп артылады. Сондықтан Б.Момышұлы пьесаның алғашқы нұсқасын оқып, оған қатаң үкім шығарғанда шығарма авторы М.Әуезов сынды дұрыс қабылдайды. Дегенмен, аталмыш туынды уақытында сахнаға қойылып, көрермендер тарапынан ыстық ықыласпен қабылданған болатын.

Сонымен, қазақ ұлдарының ішінде көзі тірісінде-ақ көркем шығарманың кейіпкері болған алғашқы адам Б.Момышұлы десек артық айтқандығымыз емес. Небәрі отыз екі жасында әлем әдебиетіне кейіпкер ретінде еніп, қазақ ұлтын төрткүл дүниеге әйгілеп келеді.

Бүгінгі таңда Б.Момышұлының өмірі мен шығармашылығы өскелең жас ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылып жүр. Соның бір парасы оның көркем әдебиеттегі бейнесі төңірегінде айтылады. Расында да Б.Момышұлының қайраткерлік болмысы мен ерлік істерін насихаттау үшін оның көркем әдебиеттегі бейнесін жан-жақты ұғынған дұрыс. Ол үшін Б.Момышұлының көркем әдебиеттегі бейнесін кезең-кезеңге бөліп қарастырып, олардың арасындағы айырмашылығы мен кейіпкердің өсу жолын белгілі бір хронологиялық кезеңдерге топтаған жөн болмақ. Айталық,

1. Б.Момышұлының соғыс кезіндегі бейнесі
2. Б.Момышұлының бейбітшілік замандағы бейнесі.

Сол сияқты, Б.Момышұлы қараулас серіктерінің көзқарасымен, батыр бейнесі жақын туыстарының көзқарасымен, қаламгер серіктерінің көзқарасымен, үзеңгілес інілерінің көзқарасымен тәрізді жік-жікке бөліп зерделесе де артық болмайтын еді.

Аталмыш мақалада Б.Момышұлының көркем әдебиеттегі көркем бейне ретінде енуінің алғашқы кезеңі сараланды. А.Бектің, Ғ.Ормановтың, М.Әуезовтің туындыларындағы батыр бейнесі алғашқы туындылар ретінде саналады. Бірі прозалық, екіншісі лирикалық, үшіншісі дарамалық шығармада батырдың бейнесін жасап шықты. Үш шығарма да соғыс кезінде жазылып, Б.Момышұлының ерлік ісін дүйім жұртқа жария етті.

Қорытынды

Соғыстан кейінгі кезеңде де Б.Момышұлы жайлы жарық көрген көркем туындылар мен ғылыми зерттеу еңбектерде есеп жоқ. Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы, М.Қалдыбайдың «Атақ пен шатақ», «Ұмытылмас кездесулер», «Қазақтың Бауыржаны» Б.Момышұлының «Во имя отца», «Восхождение к отцу», З.Ахметованың «Шуақты күндер» естеліктері т.б. Б.Момышұлының бейбітшілік уақытындағы сан қырлы



бейнесін сомдайтын көркем шығармалар болып саналады. Бұдан бөлек қазақтың маңдайалды ақындары батыр бейнесін өздерінің туындыларына арқау етіп, оның лирикалық бейнесін сомдап шықты. Сол сияқты Б.Момышұлының артында қалған әдеби, әскери мұраларын зерттеу нысанына алып, бірнеше ғылыми диссертациялар қорғалып, аса құнды монографиялар жарық көрді.

Б.Момышұлы естелігінде: «Ел қатарында соғысқа аттандым. Партияда жоқ кезім. Әскери атағым командирлік жағынан кішкентай ғана. Мен командир батальоны, командир полка, комдив болдым. Мақтаулар көп болды, оларға мен мастанған жоқпын», - деп сыр шертіпті. Расында, небәрі отыз екі жасында тұтас романның бас кейіпкеріне айналды. Онан кейін де жоғарыда көрсеткеніміздей ондаған түрлі жанрдағы көркем туындының бас кейіпкері болып сомдалды. Алайда осындай мақтаулар мен қолпаштауларға мастанып, кеудемсоқтыққа жол бермепті. Керісінше өзін мақтаған халқының құлы болып, ұлтының жолында аянбастан еңбек етіпті. Ұлылықтың белгісі осында болар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Момышулы Б. С правдой в сердце. (стенограмма, выступления, лекции). – 2010. – 189 с.
2. Кәтімхан М. «Арпалыс» романының авторы кім? – Астана: «Педагогика пресс», 2010. – 128 б.
3. Бек А. Волоколамское шоссе. – Алма-Ата: Жазушы, 1988. – 464 с.
4. История в лицах. 3 января родился автор «Волоколамского шоссе». [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://involokolamsk.ru/novosti/pamyat/istoriya-v-licah-3-yanvaryaya-rodilsya-avtor-volokolamskogo-shosse> (Қаралған күні: 20.03.2022).
5. Бек А. Арпалыс. 3-басылым. (Аударған Қ.Сағындықов). – Алматы: Жалын, 1977. – 232 б.
6. Әбдіғазизұлы Б., Абиыр Қ. Тарихи тұлға және деректілік (Райымбек батыр роман – диологиясы негізінде). Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы», «Филология ғылымдары» сериясы. - 2020. – №1 (71). – 681 б.
7. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. – Тараз: Демеу, 2007. – 195 б.
8. Тебегенов Т, Аитимов М, Сағынған Н. Қазақ прозасындағы реалдық сипат пен көркемдік қиял тұтастығы Абай атындағы ҚазҰПУ «Хабаршысы», «Филология ғылымдары» сериясы. – 2020. – №2 (72). – 661 б.
9. Әуезов М. Жыйрма томдық шығармалар жинағы. –11 Т. – Алматы: Жазушы, 1982. – 424 б.

Мукашев Т.А., Мукашева А.М.

Б. Момышулы-первый военный литературный образ в казахской литературе

Литературное наследие и подвиги Б. Момышулы давно уже привлекают внимание многих исследователей. В художественных произведениях различных жанров, научных публикациях и монографиях не только описывается художественный образ Б. Момышулы, но дается анализ его вклада в развитие казахской духовности.



Однако особо не указывается то, что Б. Момышулы был первым в казахской литературе героем художественного произведения. В статье говорится, что Б. Момышулы представлен во всех жанрах литературы как художественный персонаж и этим занял место в золотом фонде национальной литературы. В прозе, поэзии, драме и, в том числе, в легендах-рассказах анализируется образ батыра.

В 1942 году в сражении под Москвой установилась творческая связь между А. Беком и Б. Момышулы, и появился роман «Арпалыс». С этого момента началась творческая жизнь Б. Момышулы.

В 1942 году классик казахской литературы М. Ауэзов, находясь в Казахстане и восхитившись подвигом Б. Момышулы, пишет пьесу «Намыс гвардиясы».

В 1943 году известный поэт Г. Орманов навещает Б. Момышулы, находившегося в госпитале. И воодушевленный подвигами героя пишет стихотворение «Полковникке». Значит, все вышеперечисленные произведения написаны в первые месяцы и годы войны. В сочинении проанализированы все эти произведения, приводятся доказательства тому, что герой стал первым персонажем военной литературы в художественной литературе.

Ключевые слова: Б. Момышулы, военная литература, военный образ, источники, исследовательские труды.

Т.А. Mukashev, А.М. Mukasheva

B. Momyshuly-the first military literary image in kazakh literature

The literary legacy and feats of B. Momyshuly have attracted the attention of many researchers for a long time. The creative image of B. Momyshuly was described in numerous artworks, scientific publications and monographs. Those artworks also give an analysis of his contribution to the development of Kazakh spirituality.

However, the fact that B. Momyshuly was the first hero of artwork in the Kazakh literature is not particularly indicated. The article demonstrates that B. Momyshuly was represented in all genres as an artistic character; therefore, he took place in the Golden Fund of National literature. The image of the Batyr is analyzed in prose, poetry, drama and, especially in legends and stories. The creative life of B. Momyshuly began in 1942 during the battle for Moscow when he met writer A.Bek. The novel "Arpalys" was published as a result of creative collaboration.

In 1942, the classic of Kazakh literature M. Auezov was inspired by the feat and courage of B. Momyshuly and wrote the play "Namys guardiyasy" while he was in Kazakhstan.

In 1943, when B. Momyshuly was in the hospital, he was visited by the famous poet G.Ormanov. The poet was inspired by the exploits of the hero and wrote the poem "Polkovnikke". Hence, all the above artworks were written in the first months and years of the War. This essay gives an analysis for that works and provides with evidence that the hero (B. Momyshuly) became the first character of military literature in fiction.

Key words: B. Momyshuly, military literature, military image, sources, research papers.

References:

1. Momysh-uly, B. (2010). S pravdoj v serdce. [With truth in my heart] (stenogramma, vystuplenii, lekcii). – 189 p.
2. Katimhan, M. (2010). «Arpalys» romanynyn avtory kim? [Who is the author of the novel " Arpalys"?]. – Astana: «Pedagogika press». – 128 б.
3. Bek, A. (1988). Volokolamskoe shosse [Volokolamsk Highway]. – Alma-Ata: Zhazushy. – 464 p.



4. (2017) Istorija v licah. 3 janvarja rodilsja avtor «Volokolamskogo shosse». [History in faces. On January 3, the author of Volokolamsk Highway was born]. [Electronic resource]. – Retrieved from: <http://ivolokolamsk.ru/novosti/pamyat/istoriya-v-licah-3-yanvary-a-rodilsya-avtor-volokolamskogo-shosse>. [in Russian].

5. Bek, A. (1977). Arpalys. 3-basylym. (Audargan Қ.Сағындықов) [Struggle]. – Almaty: Zhalyн. – 132 p.

6. Abdigaziuly, B., Abiy, K. (2020). Tarihi tulga zhane derektilik [Historical identity and documentary] (Rajymbek batyr roman – diologijasy negizinde). Abaj atyndagy Kaz UPU «Habarshysy», «Filologija gylymdary» serijasy. - №1 (71). – 681 p.

7. Momyshuly, B. (2007). Koz aldymda barinsin [You are before my eyes].- Taraz,Devey. – 195 p.

8. Tebegenov, T., Aitimov, M. (2020). Kazak prozasyndagy realdyk sipat pen korkemdik kijal tutastygy [Integrity of reality and artistic imagination in Kazakh prose] Abaj atyndagy KazUPU «Habarshysy», «Filologija gylymdary» serijasy. - №2 (72). – 661 p.

9. Aueзов, M. (1982). Zhiyrma tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in twenty volumes]. – Almaty: Zhazushy. - 11 T. – 424 p.

Мукашев Темірбай Алевич	филология ғылымдары кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, Тараз, Қазақстан.
Мукашев Темирбай Алевич	кандидат филологических наук, доцент Таразского регионального университета им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан.
Mukashev Temirbay	candidate of Philological Sciences, associate Professor M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.

Мукашева Алшагүл Маделхановна	педагогика ғылымдары магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан.
Мукашева Алшагуль Мадельхановна	магистр педагогических наук, старший преподаватель Таразского регионального университета им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан
Mukasheva Alshagul	master of Pedagogical Sciences, senior lecturer M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.